

"Modern Trading Solutions"
тауар биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 23 мамырдағы
хаттамасымен бекітілді.



**«Modern Trading Solutions»
Тауар биржасы» АҚ**
Сұранысқа ие емес мүлікті сату кезіндегі бағаны көтеру аукционының ережелері

Алматы қ.

Сұранысқа ие емес мүлікті сату кезіндегі бағаны көтеру аукционының ережелері

- 1) Аукционға қатысушылар аукцион бастамашысының аукцион өткізуге арналған өтінімінде көрсетілген шарттар негізінде өз шарттарын көрсетіп, өтінімдер қою арқылы мәміле жасауға оферта жасайды.
- 2) Аукцион қатысушыларына бастапқы бағадан жоғары бағамен шектеусіз өтінімдер қоюға рұқсат етіледі.
- 3) Өтінімдер қайтарылмайды. Өтінімдердегі бағалар үтірден кейінгі екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.
- 4) Осы талапты бұза отырып қойылған өтінімдер сауда жүйесінен тауар биржасы тарапынан жойылады.
- 5) Екіден кем әлеуетті жеткізушілерден өтінімдер келіп түскен жағдайда, аукцион өтпеді деп танылады.
- 6) Тауар биржасы өтінімдерді қоюға бөлінген уақыт аяқталған соң, сауда жүйесінде өтінімдер туралы есеп жасайды, онда саудаға қатысушылардың әрбір әлеуетті жеткізушіден келген ең үздік өтінімдер туралы ақпарат қамтылады.
- 7) Аукционның жабылуына үш минут қалғанда әлеуетті жеткізушілердің бірі ең жоғары бағаны енгізсе, аукционның жабылу уақыты автоматты түрде бес минутқа ұзартылады, бірақ үш реттен артық емес.
- 8) Аукцион жеңімпазы болып өтінімдер есебіне сәйкес ең жоғары баға көрсетілген өтінім берген әлеуетті жеткізуші танылады. Егер өтінімдер есебінде бірдей ең жоғары баға көрсетілген өтінімдер болса, онда аукцион жеңімпазы ең жоғары бағаны бірінші берген әлеуетті жеткізуші болып танылады.
- 9) Биржалық мәміле жасалғаннан кейін тауар биржасы сауда жүйесінде аукцион бастамашысы мен аукцион жеңімпазына жасалған биржалық мәміле туралы ақпаратты қамтитын қорытынды хаттаманы жібереді.
- 10) Тауар биржасы келесі жағдайларда көтеру аукционын болдырмауға құқылы:
 - 1) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша;
 - 2) сауда қатысушыларынан екіден кем өтінім келіп түскен жағдайда;
 - 3) техникалық спецификация өзгерген жағдайда.
- 11) Төмендету аукционын өткізудің күшін жою туралы ақпарат тауар биржасының өз интернет-ресурсында сауда күні ішінде жариялануы тиіс.